

"Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізуді, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинауды және сақтауды қамтамасыз ету бойынша телекоммуникациялық жабдықтарға қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2021 жылғы 27 шілдедегі № 85/ке бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 28 шілдеде № 23744 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Техникалық реттеу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 1)-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізуді, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинауды және сақтауды қамтамасыз ету бойынша телекоммуникациялық жабдықтарға қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізуді, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинауды және сақтауды қамтамасыз ету бойынша телекоммуникациялық жабдықтарға қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 91 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14680 болып тіркелген);

2) "Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізуді, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинауды және сақтауды қамтамасыз ету бойынша телекоммуникациялық жабдықтарға қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 91 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 32/ке бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20560 болып тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ақпарат және киберқауіпсіздік қызметі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасарына жүктелсін.

Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы

К. Масимов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

20__ жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2021 жылғы 27 шілдедегі
№ 85/ке бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2021 жылғы
"___" _____ № ___
бұйрығымен
бекітілген

"Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізуді, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинауды және сақтауды қамтамасыз ету бойынша телекоммуникациялық жабдықтарға қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламенті

1-тарау. Қолдану саласы

1. Осы техникалық регламент "Техникалық реттеу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 1)-тармақшасына сәйкес әзірленді және телекоммуникация желілерде жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізудің, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинаудың және сақтаудың техникалық мүмкіндігін іске асыру үшін телекоммуникациялық жабдыққа міндетті талаптарды белгілейді.

2. Осы техникалық регламенттің талаптары Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес 85 топтың

8517 тауарлық позициясымен жіктелетін, дауыс, бейне және басқа да деректерді беру немесе қабылдауға арналған аппаратура субпозициясындағы, оның ішінде сыммен немесе сымсыз байланыс желісіндегі коммуникация үшін аппаратураны қосқанда мынадай түрлері:

- 1) тіркелген телефон байланысы желілерінің коммутациялық жабдығы;
 - 2) ұялы, спутниктік және басқа жылжымалы телефон байланыс желілерінің коммутациялық жабдығы;
 - 3) Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз ететін тіркелген байланыс деректер беру желілерінің коммутациялық жабдығы;
 - 4) Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз ететін ұялы, спутниктік және басқа жылжымалы байланыс деректер беру желілерінің коммутациялық жабдығы қарастырылады.
3. 2-тармақта көрсетілген коммутациялық жабдық (бұдан әрі – коммутациялық жабдық) жобалық, шарттық, техникалық құжаттамалармен (немесе) таңбалауға сәйкес сигналдарды коммутациялау және беру үшін функционалдық мақсаты бойынша сәйкестендіріледі.

Коммутациялық жабдық мемлекеттік құпиялары бар ақпаратты өңдеуге, сақтауға, пайдалануға арналмаған.

4. Телефондық, дауыс, құжаттамалық, мәтіндік, графикалық, аудио және бейне хабарламаларын беру үшін абоненттердің байланысын жүзеге асыру кезіндегі электрмагниттік немесе оптикалық сигналдарының коммутациясы функционалдық мақсаты бойынша коммутациялық жабдықты сәйкестендіру алғышарттары болып табылады.

5. Коммутациялық жабдықтың жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізуге және абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтауға кері әсер ететін қауіпті (тәуекел) факторлары:

- 1) жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу және абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау техникалық мүмкіндіктерінің шектелуі немесе жоқтығы;
- 2) жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары және абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдарына рұқсатсыз ену;
- 3) жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары және абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдарын қылмыстық және құқыққа қайшы мақсатта қолдану болып табылады.

2-тарау. Терминдер мен анықтамалар

6. Осы техникалық регламентте "Техникалық реттеу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы, "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан

Республикасының Заңдарында белгіленген терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау – байланыс желілердің абоненттері және оларға көрсетілген байланыс қызметтері туралы мәліметтерді жинау мен сақтау;

2) абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары – байланыс желілерінің абоненттері туралы және оларға көрсетілген байланыс қызметтері туралы мәліметтерді жинау, сақтау мен ұсыну функцияларын қамтамасыз ететін және коммуникациялық жабдықтың құрамына кіретін аппараттық және/немесе бағдарламалық құралдар;

3) абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау орталығы – байланыстың бүкіл желісі бойынша абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды алу үшін коммутациялық жабдықтың барлық бөлек абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдарының аппараттық және бағдарламалық бірлестігі;

4) әкімшілендіру, өңдеу және бақылау интерфейсі – жедел-іздігісіру іс-шараларын өткізу құралдарында немесе абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдарында жедел-іздігісіру іс-шаралардың нәтижелерін алуға, басқаруға, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды алуға, жедел-іздігісіру іс-шараларын өткізу құралдарына немесе абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдарына қосылған компьютерлік жұмыс орындарында қолданушылардың іс-қимылдарын бақылауға арналған бағдарламалық іске асыру;

5) белгіленген абонент – оның телефонмен сөйлесулерін және/немесе хабарламаларын қармауды жүзеге асыру үшін коммутациялық жабдықтың жедел-іздігісіру іс-шараларын өткізу құралдарындағы абоненттік нөмірі, сәйкестендірме коды немесе басқа да сәйкестендіргіш қойылған байланыс желісінің абоненті;

6) ену интерфейсі – коммутациялық жабдықтардың жедел-іздігісіру іс-шараларын жүргізу құралдарына немесе абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдарына жедел-іздігісіру іс-шараларын техникалық өткізуін немесе абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтауын қамтамасыз ету үшін әкімгерлік, өңдеу және бақылау интерфейстерін қалыптастыра отырып компьютерлік жұмыс орындарын физикалық және логикалық қосуды аппараттық және бағдарламалық іске асыру;

7) жедел-іздігісіру іс-шараларын өткізу бойынша уәкілетті орган – байланыс желілерінде жедел-іздігісіру іс-шараларын өткізуді жедел-іздігісіру қызметі туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган;

8) жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу құралдары – коммутациялық жабдықтың құрамына енетін және жедел-іздістіру іс-шараларын техникалық өткізу функцияларын қамтамасыз ететін аппараттық және/немесе бағдарламалық құралдар;

9) жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу орталығы – байланыстың барлық желісінде бір мезгілде жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу үшін байланыс желісіндегі коммутациялық жабдықтың жедел-іздістіру іс-шараларын барлық бөлек өткізу құралдардың аппараттық және бағдарламалық бірлестігі;

10) коммутациялық жабдық – сигналдарды коммутациялаудың жүйесі болатын техникалық құрылғылар, аппараттық және бағдарламалық құралдар, оның ішінде жылжымалы немесе тіркелген телефонды байланыс желісінде немесе деректерді жіберу желісінде электромагнитті немесе оптикалық сигналдарды жіберуді, қабылдауды, коммутациялауды қамтитын таратылған коммутациялайтын жабдықтар жүйесі;

11) қармау – телефон арқылы өткізілген сөйлесулерді тыңдау, хабарламаларды санау үшін абоненттің коммутациялық жабдығындағы байланыс арнасына қосылу;

12) шығарылған басқару тетігі – жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу жөніндегі уәкілетті органның аппараттық-бағдарламалық кешені.

3-тарау. Коммутациялық жабдықты Қазақстан Республикасы нарығында айналымға шығару шарттары

7. Коммутациялық жабдық осы техникалық регламентке сәйкес болған жағдайда Қазақстан Республикасы аумағында айналымға шығарылады, пайдалануға енгізіледі және пайдалануда болады.

8. Коммутациялық жабдық осы техникалық регламентке сәйкестігі жөнінде сертификатпен сүйемелденуі тиіс және осы техникалық регламентке сәйкестігі туралы мәтін түріндегі ақпараты бар таңбасы болуы тиіс.

4-тарау. Коммутациялық жабдыққа талаптар

9. Коммутациялық жабдықтың осы техникалық регламентке сәйкестігін тікелей оның талаптарын орындаумен және осы техникалық регламентке 1-қосымшадағы тізбеде келтірілген өзара байланысты стандарттардың талаптарын орындаумен қамтамасыз етіледі.

1-параграф. Жедел-іздістіру іс-шараларын өткізуді қамтамасыз ету бойынша талаптар

10. Коммутациялық жабдықтың құрамында мынадай жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу құралдары болуы тиіс:

1) тіркелген телефон байланысы желілерінің коммутациялық жабдығы құрамында белгіленген абоненттердің телефондық аудио және бейне сөйлесулерін, жіберген/алған мәтіндік, графикалық, факсимильді хабарламаларын және белгіленген абоненттердің

қармалған сөйлесулері және/немесе хабарламалары бойынша биллингтік мәліметтерін, оларға көрсетілген байланыс қызметтері туралы мәліметтерді қармауды, жазып алуды, сақтауды, тындауды, қарауды, сыртқы ақпарат жеткізгіш пен сыртқы ақпараттық жүйелерге жазып алуды (экспорт жасауды) қамтамасыз ететін жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары болуы тиіс;

2) ұялы, спутниктік және басқа да жылжымалы телефон байланысы желілерінің коммутациялық жабдығы құрамында белгіленген абоненттердің телефондық аудио және бейне сөйлесулерін, жіберген/алған қысқа мәтіндік хабарламаларын (SMS) және белгіленген абоненттердің қармалған сөйлесулері және/немесе хабарламалары бойынша биллингтік мәліметтерін, олардың орналасқан жері және оларға көрсетілген байланыс қызметтері туралы мәліметтерін қармауды, жазып алуды, сақтауды, тындауды, қарауды, сыртқы ақпарат жеткізгіш пен сыртқы ақпараттық жүйелерге жазып алуды (экспорт жасауды) қамтамасыз ететін жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары болуы тиіс;

3) Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз ететін тіркелген телефон байланысы желілерінің коммутациялық жабдығы құрамында белгіленген абоненттердің жіберген/алған мәтіндік, графикалық, аудио және бейне хабарламаларын және белгіленген абоненттердің қармалған хабарламалары бойынша биллингтік мәліметтерін, оларға көрсетілген байланыс қызметтері туралы, деректер жіберу желісіндегі мекенжайлары, Интернет-ресурстарға кіру мекенжайлары, Интернет-ресурсты сәйкестендірушілері, деректер беру желісінің хаттамалары туралы мәліметтерді қармауды, жазып алуды, сақтауды, тындауды, қарауды, сыртқы ақпарат жеткізгіш пен сыртқы ақпараттық жүйелерге жазып алуды (экспорт жасауды) қамтамасыз ететін, сондай-ақ белгіленген абоненттердің трафиктерін басқаруды қамтамасыз ететін жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары болуы тиіс;

4) Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз ететін ұялы, спутниктік және басқа жылжымалы телефон байланыс желілерінің коммутациялық жабдығы құрамында белгіленген абоненттердің жіберген/алған мәтіндік, графикалық, аудио және бейне хабарламаларын,оның ішінде белгіленген абоненттердің қармаланған хабарламалары бойынша биллингтік мәліметтерін, оларға көрсетілген байланыс қызметтері туралы, орналасқан жері туралы, деректер жіберу желісіндегі мекенжайлары, Интернет-ресурстарға кіру мекенжайлары, Интернет-ресурсты сәйкестендірушілері, деректер беру желісінің хаттамалары туралы мәліметтерді қармауды, жазып алуды, сақтауды, тындауды, қарауды, сыртқы ақпарат жеткізгіш пен сыртқы ақпараттық жүйелерге жазып алуды (экспорт жасауды) қамтамасыз ететін, сондай-ақ белгіленген абоненттердің трафиктерін басқаруды қамтамасыз ететін жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары болуы тиіс.

11. Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары компьютерлік жұмыс орындарын қосу үшін ену интерфейсін қамтамасыз ету тиіс. Көрсетілген жұмыс

орындары жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу құралдарын басқару, жедел-іздістіру іс-шаралардың нәтижелерін алу, жұмыс орындары пайдаланушыларының іс-қимылын бақылау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету тиіс. Осы мақсатта ену интерфейсі әкімшілік ету, өңдеу және бақылау жұмыс орындарын ұйымдастыру тиіс. Ену интерфейсіне талаптар ұлттық стандарттарымен анықталады.

12. Коммутациялық жабдықтың жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу құралдары әкімшілік ету интерфейсі арқылы аталған коммутациялық жабдыққа қосылған немесе тіркелген абоненттер жалпы санының 1 % кем емес берілген абоненттерінің сөйлесулерін және/немесе хабарламаларын қармауға қоюды қамтамасыз етуі тиіс.

Көрсетілген коммутациялық жабдықта жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу құралдарымен аталған жабдықта қойылған абоненттер жалпы санының 10 % кем емес белгіленген абоненттерінің сөйлесулерін және/немесе хабарламаларын бір мезгілді қармауды қамтамасыз ету тиіс, сонымен қатар есеп саны 5 кем болмау керек.

13. Жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу құралдары өңдеу интерфейсі арқылы нақты уақытта белгіленген абоненттердің телефондық сөйлесулерін сөйлесулер өткізу кезінде тыңдауды қамтамасыз етуі тиіс.

14. Жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу құралдары жүйелік уақытын Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен 1 секунд дәлдігімен синхрондауды және барлық жазылатын телефондық сөйлесулер мен хабарламаларға сәйкес уақыт белгілерін беруді қамтамасыз етуі тиіс.

15. Ұялы немесе басқа жылжымалы байланыс желісінің белгіленген абоненттің бір коммутациялық жабдықтың қызмет көрсету аймағынан басқа коммутациялық жабдықтың қызмет көрсету аймағына ауысып кеткен жағдайда сөйлесулерін және/немесе хабарламаларын қармауды жүзеге асыру кезінде көрсетілген коммутациялық жабдықтың жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу құралдары белгіленген абоненттің сөйлесулерін және/немесе хабарламаларын толық көлемде, үзусіз, жоғалтпай және жіберіп алмай қармау және жазуды қамтамасыз ету тиіс.

16. Байланыс желісінде өзгертін сәйкестендіргіштерді (телефон нөмірлерін, IP-мекенжайларын, MAC-мекенжайларын) пайдаланған кезде, мысалы абоненттерді тіркеген немесе NAT (Network Address Translation) қолданған кезде жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу құралдары абоненттерге иемденген барлық сәйкестендіргіштері олардың өзгеруінің барлық кезеңдерінде нақты сәйкестігін айқындауды, көрсетілген сәйкестендіргіштер бойынша белгіленген абоненттердің сөйлесулерін және/немесе хабарламаларын анықтау мен қармауды қамтамасыз етуі тиіс.

17. Жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу құралдары белгіленген абоненттердің сөйлесулерін және/немесе хабарламаларын қармауды, олар көп жақты қосылыстарды, көп жақты басқа мекен-жайға жіберуді жүзеге асырғанда, басқа қосымша байланыс қызметтерін қолданғанда қамтамасыз етуі тиіс.

18. Коммутациялық жабдығы және/немесе оның жедел-іздігі іс-шараларын өткізу құралдарымен шыққан, жұмысын тоқтатқан, тоқтап қалған, қайта қосылған кезде жұмысқа қабілеттілігі қалпына келтіргеннен кейін берілген абоненттердің телефондық сөйлесулерін және/немесе хабарламаларын қармауға берілген барлық тапсырмаларды автоматты түрде қалпына келтіруді және толық көлемде қармауды қамтамасыз етуі тиіс.

19. Жедел-іздігі іс-шараларын өткізу құралдары белгіленген абоненттердің 3 айдан кем емес уақыт мерзіміндегі қармалған телефондық сөйлесулердің және/немесе мәтіндік, графикалық, аудио және бейне хабарламалардың жазбасын, сондай-ақ қармалған хабарламалар бойынша биллингтік және басқа да мәліметтерді сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

20. Байланыс операторымен телефондық сөйлесулерін және/немесе хабарламаларын кодтауды, шифрлауды қолдану кезінде жедел-іздігі іс-шараларын өткізу құралдары берілген абоненттер телефондық сөйлесулерінің және/немесе хабарламаларының кодын ашуды, шифрін ашуды қамтамасыз етуі тиіс.

Байланыс операторында байланыс желілерінде қолданылатын телефондық сөйлесулерін және/немесе хабарламаларын кодтау, шифрлау кілттері болған жағдайда, жедел-іздігі іс-шараларын өткізу құралдары көрсетілген кілттерді қолданып берілген абоненттер телефондық сөйлесулерінің және/немесе хабарламаларының кодын ашуды, шифрін ашуды қамтамасыз етуі тиіс.

21. Жедел-іздігі іс-шараларын өткізу құралдары қауіпсіздік сертификатымен шифрлауды қолдайтын хаттамаларды қолданып жіберген берілген абоненттер хабарламаларының шифрін ашуын қамтамасыз етуі тиіс.

22. Жылжымалы ұялы байланыс желілерінде белгіленген абоненттер абоненттік құрылғылардың базалық станцияның секторына дейін дәлдігімен, соның ішінде қала аймағында 300 метрге дейін орналасқан жері анықталуын қамтамасыз етуі тиіс.

Абоненттік құрылғылардың орналасқан жерлері анықталуы және орналасқан жерлері туралы мәліметтер жазылуы мынадай жағдайларда қамтамасыз етуі тиіс:

байланыс желісінде тіркеу кезінде;

қосылу немесе қосылу әрекеттерін жасауды жүзеге асыру кезінде (белсенді байланыс режимінде);

қосылу барысында орнын ауыстыру кезінде (белсенді байланыс режимінде);

қосылусыз орнын ауыстыру кезінде (белсенді емес байланыс режимінде);

байланыс желісінде көрсетілетін қызметтерді қолдану кезінде;

абонентпен спутниктік геопозицияның функцияларын қолдану кезінде (аталған ақпарат байланыс желісінде болған жағдайда);

анықталған мерзіммен ішкі желідегі сұраныстар бойынша 6 сағаттан кем емес.

Абоненттік құралдардың орналасқан жерлері өңдеу интерфейсі арқылы сұранымдар бойынша кестелер түрінде аймақпен және/немесе аймақтың географиялық картасы бейнесімен қоса қамтамасыз етуі тиіс.

Аймақтың географиялық картасының жаңартуы маңызды қалпына дейін 3 айда бір реттен кем емес жүзеге асырылуды қамтамасыз етуі тиіс.

23. Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары белгіленген абоненттерге қатысты жедел-ізвестіру іс-шараларын техникалық өткізуді үзіліссіз, тәулік бойы режимінде, желінің барлық трафиғі бойынша толық көлемде, шығынсыз жүргізуі тиіс.

Жедел-ізвестіру іс-шараларын техникалық өткізу байланыс желісінің, соның ішінде желіге уақытша қосылған әрбір абоненттерге (роумингтік абоненттері) қатысты қамтамасыз етуі тиіс.

24. Белгіленген абоненттердің телефондық сөйлесулері және/немесе хабарламалары келіп түсуі техникалық істен шығу, тоқтап қалу жағдайларында жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары өңдеу интерфейсінде белгіленген абоненттердің өткізілген телефондық сөйлесулері және/немесе хабарламалары туралы ескертуді қамтамасыз етуі тиіс.

25. Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары мәтіндік, графикалық, аудио және бейне файлдар түрінде барлық ақпаратты сыртқы ақпарат жеткізгіш пен сыртқы ақпараттық жүйелерге жазып алуды (экспорт жасауды) қамтамасыз етуі тиіс.

Көшірудің (экспорт жасаудың) өнімділігі бір тәулік бойынша жазу көлемі 4 сағаттан көп емес қамтамасыз етілуі тиіс.

26. Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары электрондық журналдарында әкімшілік, өңдеу және бақылау интерфейстері арқылы жасалған барлық әрекеттерді, рұқсат етілмеген қатынас құру әрекеттері, уақыт және әрекет түрін қоса жазуын қамтамасыз етуі тиіс.

Көрсетілген жазулардың сақталуы 2 жыл бойы қамтамасыз етілуі тиіс.

Электрондық журналдарға ақпаратқа өзгертулерді енгізу мүмкіндігін алып тастап, әкімшілік және бақылау интерфейстері арқылы қатынас құруды қамтамасыз етуі тиіс.

27. Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары өз құрамында маңызды вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз етудің бар болуын қамтамасыз етуі тиіс.

28. Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары жедел-ізвестіру іс-шаралардың нәтижелері жазбаларын апаттық жоюдан қорғайтын құралдар, сондай-ақ жазбаларды резервті сақтайтын құралдар болуы тиіс.

29. Коммутациялық жабдықтың жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары қағаз және электрондық тасымалдағыштарда (мемлекеттік және орыс тілдерінде) мынадай мәліметтерді қамтитын техникалық құжаттамамен бірге жүруі тиіс:

- 1) тізбе, техникалық сипаттама, қосу схемасы;
- 2) пайдалану ережелері;
- 3) техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық.

Техникалық сипаттама мен қосу сызбасы мыналарды бейнелеуі тиіс:

1) қалалар мен елді мекендердің географиялық орналасқан жерлерін ескеріп, телекоммуникация желісінің орналасуын;

2) жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу функциялары мен техникалық құралдарының сипаттамасы;

3) жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу орталығының телекоммуникация желісінде орналасуы;

4) әкімшілік ету, өңдеу және бақылау жұмыс орындарының қосылуы туралы мәліметтер;

5) оларға қатысты жедел-ізвестіру іс-шаралар өткізілуі қамтамасыз етілетін абоненттер топтарын;

6) рұқсатсыз енудің физикалық және аппараттық-бағдарламалық шектеу құралдарының сипаттамалары.

30. Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары өз техникалық қалпы мен жұмысқа қабілеттілігін бақылауды, істен шығу, тоқтап қалу, апаттар туралы ескертулер қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

31. Коммутациялық жабдық шығарылған басқару тетігін параллельді қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

32. Байланыс желісінде коммутациялық жабдығының жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары байланыс желісінде жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу орталығын құрып қатынас құру интерфейсі негізінде өзара аппараттық және бағдарламалық біріктіруді қамтамасыз етуі тиіс.

Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу орталығы барлық байланыс желісі бойынша бір мезгілді жедел-ізвестіру іс-шараларын техникалық жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс.

33. Байланыс желісінде 2-тармақта көрсетілген әртүрлі байланыс түрлерін біріктірген жағдайда (мысалы, тіркелген телефон байланысы және деректер беру) байланыс түрлері бойынша бөлек жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу орталықтарын құруды қамтамасыз етуі тиіс (мысалы, телефон байланыс бойынша жеке, деректер беру бойынша жеке).

34. Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу орталығы әкімшілік ету, өңдеу және бақылау компьютерлік жұмыс орындарын бір мезгілді қосылуы мен қызмет етуі үшін қатынас құру интерфейсін қамтамасыз етуі тиіс. Қатынас құру интерфейсін талаптар ұлттық стандартында анықталған.

35. 32 – 34-тармақтарының талаптарын қолданумен жедел-ізвестіру іс-шараларын техникалық жүргізу функциялары бойынша қатынас құру интерфейстері, немесе бір байланыс желісіндегі жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдарына біріктірілетін желілердің коммутациялық жабдықтарын қосу, немесе бір байланыс желісіндегі жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдарымен коммутациялық жабдықтар арқылы біріктірілетін желілердің трафигін өткізу және бар біріктірілетін желілер үшін

жедел-іздігіру іс-шараларын өткізу орталығын құру негізінде жедел-іздігіру іс-шараларын өткізу құралдарын біріктіруімен әртүрлі байланыс операторлардың байланыс желілері біріктірілуі мүмкін.

Барлық біріктірілген байланыс желілерінде бір мезгілді жедел-іздігіру іс-шараларын техникалық өткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

2-параграф. Абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинауды және сақтауды қамтамасыз ету талаптары

36. Коммутациялық жабдық құрамында мынадай абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары болуы тиіс:

1) тіркелген телефон байланыс желілерінің коммутациялық жабдығының құрамында жүргізілген телефондық сөйлесулер, берілген/қабылданған хабарламалар туралы биллингтік мәліметтерді және көрсетілген қызметтер туралы мәліметтерді қоса алғанда, байланыс желісіндегі барлық абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинақтауды, жазуды, сақтауды, қарауды, сыртқы ақпарат тасымалдағыштарға және сыртқы ақпараттық жүйелерге көшіріп жазуды (экспорт жасауды) қамтамасыз ететін абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары болуы тиіс;

2) ұялы, спутниктік және басқа да жылжымалы телефон байланысы желілерінің коммутациялық жабдығының құрамында жүргізілген телефондық сөйлесулер және берілген/қабылданған хабарламалар туралы биллингтік мәліметтерді, көрсетілген абоненттік қызметтер туралы, оның ішінде байланыс желісінің техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып болу елдеріндегі роуминдік абоненттердің орналасқан жері туралы мәліметтерді қоса алғанда, байланыс желілерінің барлық абоненттері туралы қызметтік ақпаратты жинауды, жазуды, сақтауды, қарауды, сыртқы ақпарат тасымалдағыштарға және сыртқы ақпараттық жүйелерге көшіріп жазуды (экспорт жасауды) қамтамасыз ететін абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары болуы тиіс;

3) Интернетке қосылуды қамтамасыз ететін деректерді тарататын тіркелген байланыс желілері коммутациялық жабдығының құрамында берілген/қабылданған хабарламалар туралы биллингтік мәліметтерді, көрсетілген абоненттік қызметтер, деректерді беру желісіндегі абоненттердің адрестері, Интернет-ресурстарға жүгіну адрестері, Интернет-ресурстардың сәйкестендіргіштері, деректерді беру протоколдары туралы мәліметтерді қоса алғанда, байланыс желілерінің барлық абоненттері туралы қызметтік ақпаратты жинақтауды, жазуды, сақтауды, қарауды, сыртқы ақпарат тасымалдағыштарға және сыртқы ақпараттық жүйелерге көшіріп жазуды (экспорт жасауды) қамтамасыз ететін абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары болуы тиіс;

4) ұялы, спутниктік және басқа да жылжымалы байланыстың Интернетке қосылуды қамтамасыз ететін деректерді тарату желілерінің коммутациялық жабдығының

құрамында берілген/қабылданған хабарламалар туралы биллингтік мәліметтерді, көрсетілген абоненттік қызметтер туралы мәліметтерді, оның ішінде байланыс желісінің техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып болу елдеріндегі роуминдік абоненттердің орналасқан орны туралы мәліметтерді қоса алғанда, байланыс желілерінің барлық абоненттері туралы қызметтік ақпаратты жинақтауды, жазуды, сақтауды, қарауды, сыртқы ақпарат тасымалдағыштарға және сыртқы ақпараттық жүйелерге көшіріп жазуды (экспорт жасауды) қамтамасыз ететін абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары болуы тиіс.

37. Абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары компьютерлік жұмыс орындарының қосылуы үшін ену интерфейсін қамтамасыз етуі тиіс. Аталған жұмыс орындарында абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдарын басқару, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды алу, жұмыс орындары пайдаланушыларының іс-қимылдарын бақылау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс. Осы мақсатта ену интерфейсі әкімшілендіру, өңдеу және қадағалау интерфейстерін қалыптастыруы тиіс. Ену интерфейсіне қойылатын талаптар ұлттық стандартпен белгіленеді.

38. Абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары жүйелік уақытын Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен 1 секунд дәлдігімен синхрондауды және барлық жазылатын мәліметтерге сәйкес уақыт белгілерін беруді қамтамасыз етуі тиіс.

39. Байланыс желісінде өзгертін сәйкестендіргіштерді (телефон нөмірлерін, IP-мекенжайларын, MAC-мекенжайларын) пайдаланған кезде, мысалы абоненттерді тіркеген немесе NAT (Network Address Translation) қолданған кезде барлық абоненттердің иемденген барлық сәйкестендіргіштері олардың өзгеруінің барлық кезеңдерінде нақты сәйкестігін айқындауымен қызметтік ақпарат жиналуы қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қоса деректерді жіберу желісінде абоненттерге динамикалық IP-мекен-жайлары иемденген кезде Интернет желісінде сырттағы IP-мекен-жайлары бойынша абоненттер хабарламаларының сәйкестендіруі қамтамасыз етуі тиіс.

40. Жылжымалы ұялы байланыс желілерінде роумингтік абоненттерді қоса алғанда, абоненттік құрылғылардың орналасқан жерін анықтау базалық станцияның секторына дейінгі, оның ішінде қала жағдайында 300 метрге дейінгі дәлдігімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Абоненттік құрылғылардың орналасқан жерлері анықталуы және орналасқан жерлері туралы мәліметтер жазылуы мынадай жағдайларда қамтамасыз етуі тиіс:

байланыс желісінде тіркеу кезінде;

қосылу немесе қосылу әрекеттерін жүзеге асыру кезінде (белсенді байланыс режимінде);

қосылу барысында орнын ауыстыру кезінде (белсенді байланыс режимінде);

қосылуды жүзеге асырмай орнын ауыстыру кезінде (белсенді емес байланыс режимінде);

байланыс желісінде көрсетілетін қызметтерді қолдану кезінде;

абоненттің спутниктік геопозицияның функцияларын пайдалануы кезінде (аталған ақпарат байланыс желісінде болған кезде);

6 сағаттан аспайтын белгіленген мерзіммен желі ішіндегі сұраулар бойынша.

Абоненттік құрылғылардың орналасқан жерлерін көрсету өңдеу интерфейсі арқылы сұратымдар бойынша кестелер түрінде аймаққа және/немесе аймақтың географиялық картасының бейнесіне байланыстыра отырып, қамтамасыз етілуі тиіс.

Аймақтың географиялық картасын өзекті қалыпқа дейін жаңарту кемінде 3 айда бір рет жүзеге асырылуы тиіс.

Ұялы байланыс желісі барлық базалық станцияларының орналасқан жерлері туралы мәліметтерді сақтауды қамтамасыз етуі тиіс. Аталған мәліметтерді өзекті қалыпқа дейін жаңарту кемінде айына бір рет жүзеге асырылуы тиіс.

41. Абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары желіге уақытша қосылған (роумингтік абоненттері) абоненттерді қоса алғанда, байланыс желісінің барлық абоненттеріне қатысты қызметтік ақпаратты желінің барлық трафигі бойынша, жоғалтусыз толық көлімде жинауды үзіліссіз, тәулік бойы режимінде қамтамасыз етуі тиіс.

42. Абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары байланыс операторының байланыс қызметтерін пайдаланушылар және (немесе) абоненттер туралы өзекті мәліметтер қамтылатын және аталған мәліметтерді алуды қамтамасыз ететін байланыс желісінің ақпараттық жүйесіне қосылуы тиіс.

43. Абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары CSV форматымен файлдар түрінде барлық ақпаратты сыртқы ақпарат тасымалдағыштар мен сыртқы ақпараттық жүйелерге жазып алуды (экспорт жасауды) қамтамасыз етуі тиіс. Жазбалар көлемін қайта жазудың (экспорт жасаудың) өнімділігі 4-тен аспайтын сағат ішінде бір тәулік бұрын қамтамасыз етілуі тиіс.

44. Абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары байланыс желісінің барлық абоненттеріне қатысты абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды 2 жылдан кем емес уақыт мерзімінде сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

45. Абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары өңдеу интерфейсі арқылы абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды алуға сұрауларды қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс. Бір мезгілде кемінде 200 сұрауларды орындау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс, аталған сұраулар санын орындау уақыты 20 минуттан аспауы керек. Сұрауларды қалыптастыру бойынша талаптар ұлттық стандартпен белгіленеді.

46. Абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары іс-қимылдың уақытын және түрін қоса алғанда, әкімшілендіру, өңдеу және бақылау

интерфейстері арқылы жасалған барлық іс-қимылдарды, рұқсатсыз ену әрекеттерін электрондық журналдарда жазуды қамтамасыз етуі тиіс.

Аталған жазуларды 2 жыл бойы сақтау қамтамасыз етілуі тиіс.

Электрондық журналдарға ақпаратқа өзгерістер енгізу мүмкіндігін болдырмай қарау үшін әкімшілендіру және бақылау интерфейстері арқылы ену қамтамасыз етілуі тиіс.

47. Абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары өз құрамында маңызды вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз етудің бар болуын қамтамасыз етуі тиіс.

48. Коммутациялық жабдықтың абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары қағаз және электрондық тасымалдағыштарда (мемлекеттік және орыс тілдерінде) мынадай мәліметтерді қамтитын техникалық құжаттамамен бірге жүруі тиіс:

- 1) тізбе, техникалық сипаттама, қосу схемасы;
- 2) пайдалану ережелері;
- 3) техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық.

Техникалық сипаттама мен қосу сызбасы мыналарды бейнелеуі тиіс:

- 1) қалалар мен елді мекендердің географиялық орналасқан жерлерін ескере отырып, телекоммуникация желісінің орналасуы;
- 2) абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау функциялары мен құралдарының сипаттамасы;
- 3) абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау орталығының телекоммуникация желісінде орналасуы;
- 4) әкімшілендіру, өңдеу және бақылау жұмыс орындарының қосылуы туралы мәліметтер;
- 5) оларға қатысты абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау қамтамасыз етілетін абоненттер топтары;
- 6) рұқсатсыз енудің физикалық және аппараттық-бағдарламалық шектеу құралдарының сипаттамалары.

49. Абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары өз техникалық жай-күйі мен жұмысқа қабілеттілігін бақылауды, істен шығу, жұмысын тоқтату, апаттар туралы хабарламалар құруды қамтамасыз етуі тиіс.

50. Жекелеген коммутациялық жабдықтың абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары байланыс желісінде абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау орталығын құрып, ену интерфейсі негізінде өзара аппараттық және бағдарламалық біріктіруді қамтамасыз етуі тиіс.

Абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау орталығы барлық байланыс желісі бойынша абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды ұсынуды қамтамасыз етуі тиіс.

51. Байланыс желісінде 2-тармақта көрсетілген әртүрлі байланыс түрлерін біріктірген жағдайда (мысалы, тіркелген телефон байланысы және деректер беру) байланыс түрлері бойынша бөлек абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау орталықтарын құру қамтамасыз етілуі тиіс (мысалы, телефон байланыс бойынша жеке, деректер беру бойынша жеке).

52. Абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау орталығы әкімшілендіру, өңдеу және бақылау компьютерлік жұмыс орындарын бір мезгілде қосу мен қызмет етуі үшін ену интерфейсін қамтамасыз етуі тиіс. Интерфейске қойылатын талаптар ұлттық стандартпен белгіленеді.

53. Әртүрлі байланыс операторларының байланыс желілері 50 – 52-тармақтардың талаптарын сақтай отырып, ену интерфейстерінің және аталған желілердің абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау орталығын құру негізінде абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдарын біріктіру көмегімен абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау функциялары бойынша біріктірілуі мүмкін.

Барлық біріктірілген байланыс желілеріндегі абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды бір мезгілде жинау, сақтау және ұсыну қамтамасыз етілуі тиіс.

3-параграф. Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдарын және абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдарын рұқсатсыз енуден қорғау бойынша талаптар

54. Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары және абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу және абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау техникалық мүмкіндіктері, белгіленген абоненттердің телефон нөмірлерлері мен өзге де сәйкестендіргіштері туралы, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды алу бойынша сұраулар туралы мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ету тиіс.

55. Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдарының және абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдарының құрамында мынадай құралдар болуы тиіс:

- 1) рұқсатсыз енуден қорғау;
- 2) физикалық әсер ету туралы сигнализация (ашу, қосу, сынып қалу және тағы басқа туралы);
- 3) алыстағы рұқсатсыз енудің әрекеттерін ықпал ету көздерін анықтау үшін тіркеу, оның ішінде жабдықтың техникалық мүмкіндерін есепке ала отырып, ықпал ету уақытын, орнын және түрін тіркеу.

56. Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдарына және абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдарына рұқсатсыз енудің немесе

оларды рұқсатсыз пайдаланудың әрекеттері рұқсатсыз әрекеттердің басталуы мен аяқталуы уақытын көрсетуімен электронды журналдарда тіркелуі тиіс.

5-тарау. Коммутациялық жабдықтың сәйкестігін растау

57. Коммутациялық жабдықтың сәйкестігін растау техникалық реттеу саласындағы қолданыстағы техникалық регламенттердің және осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

58. Коммутациялық жабдықты сынау әдістері ұлттық стандартпен белгіленеді.

59. Зерттеу (сынақ) және өлшеу қағидалары мен әдістері, оның ішінде осы техникалық регламенттің талаптарын қолдану және орындау және өнімнің сәйкестігін (растауын) бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидалары осы техникалық регламентке 2-қосымшадағы тізбеде келтірілген стандарттарда белгіленген.

60. Коммутациялық жабдық міндетті сертификациялау түрінде осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растауға жатады.

61. Коммутациялық жабдықтың жедел-ізвестіру іс-шараларын техникалық өткізу функциялары бойынша немесе абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау функциялары бойынша сәйкестігін бөлек растауға рұқсат етіледі.

62. Коммутациялау және байланыс желісінде сигналдарды жіберу жеке торабын білдіретін (оның ішінде таратылған коммутациялайтын жабдықтарынан тұратын), құрамында жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдары және абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдары бар коммутациялық жабдық сәйкестікті растауға жатады.

63. Коммутациялық жабдықтың байланыс желісінде жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдарын немесе абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдарын біріктіруімен жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу орталығы немесе абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау орталығы құрылғанда әрбір бөлек коммутациялық жабдық бөлек жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу құралдарымен немесе абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтау құралдарымен қоса сәйкестіктің растауына жатады.

64. Сертификацияға өтініш беруші байланыс операторы, даярлаушы немесе жабдық жеткізуші болуы мүмкін.

65. Сертификациялық сынақтарды өткізу үшін сәйкестікті растау жөніндегі орган сынақтар бағдарламасын құрастырады және бағдарламаны жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу жөніндегі уәкілетті органмен келіседі. Сынақтар бағдарламасында сынақтар объектісі мен көлемінің сипаттамасы болуы тиіс. Сертификациялық сынақтар сынақтар бағдарламасының негізінде жүргізіледі.

66. Сертификация өткізу әрбір бұйымды сынау схемасы бойынша жүзеге асырылады.

67. Сертификациялық сынақтар кезінде жедел-іздігіру іс-шараларын техникалық өткізудің немесе абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтаукоммутациялық жабдығының функцияларын тексеру үшін аппараттық, бағдарламалық және сындарлы орындалуы бар тесттік жабдықтары қолданылуы мүмкін.

68. Сертификациядан өткен коммутациялық жабдық сәйкестік белгісімен таңбаланады.

6-тарау. Техникалық регламенттің қолданыс мерзімдері мен шарттары

69. Осы техникалық регламент алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

70. Осы техникалық регламент қолданысқа енгізілген уақыттан бастап осы техникалық регламенттің қолдану саласына кіретін коммутациялық жабдық бекітілген талаптарға сәйкес болу тиіс.

71. Коммутациялық жабдықтың жедел-іздігіру іс-шараларын өткізуін және абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинау және сақтауын қамтамасыз ету бойынша талаптарға осы техникалық регламент қолданысқа енгізілгенге дейін қабылданған сәйкестік растау сертификаттары олардағы белгіленген мерзімнің аяқталуына дейін қолданыста деп есептеледі.

72. Осы техникалық регламент қолданысқа енгізілген уақыттан бастап Қазақстан Республикасының аумағындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер, стандартизация бойынша нормативтік құжаттар және осы саладағы нормативтік-техникалық құжаттар, осы техникалық регламентке сәйкестендірілгенше техникалық регламенттің талаптарына қайшы келмейтін бөліктері ғана орындалуы тиіс

"Жедел-іздігіру іс-шараларын өткізуді, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинауды және сақтауды қамтамасыз ету бойынша телекоммуникациялық жабдықтарға қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне
I-қосымша

Қолдану нәтижесінде "Жедел-іздігіру іс-шараларын өткізуді, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинауды және сақтауды қамтамасыз ету бойынша телекоммуникациялық жабдықтарға қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентінің талаптарын сақтауды қамтамасыз ететін өзара байланысты стандарттар тізбесі

--	--	--	--	--

р/с №	Техникалық регламенттің элементтері	Ө з а р а байланысты стандарттың белгіленуі	Өзара байланысты стандарттың атауы	Ескертпе
1	4-тарау	ҚР СТ 2267	Жедел-іздістіру іс-шараларын өткізуді қамтамасыз етуге арналған телекоммутациялық жабдықтың құралдары. Ену интерфейсі. Техникалық талаптар	-

"Жедел-іздістіру іс-шараларын өткізуді, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинауды және сақтауды қамтамасыз ету бойынша телекоммутациялық жабдықтарға қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне
2-қосымша

Зерттеу (сынақ) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде "Жедел-іздістіру іс-шараларын өткізуді, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинауды және сақтауды қамтамасыз ету бойынша телекоммутациялық жабдықтарға қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентінің талаптарын қолдану және орындау және өнімнің сәйкестігін (растауын) бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын стандарттар тізбесі

р/с №	Техникалық регламенттің элементтері	Стандарттың белгіленуі	Стандарттың атауы	Ескертпе
1	5-тарау	ҚР СТ 1598	Жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізуді қамтамасыз етуге арналған байланыс желілерінің коммутациялық жабдық құралдары. Сынау әдісі	-